«Қаратөбе ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің және Қаратөбе ауданының дербес бөлімдері мен ауылдық округ әкімі аппаарттары бағыныста квазимемлекеттік ұйымдар қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың қорытындылары туралы

АНЫҚТАМА

Қаратөбе ауылы **11 маусым**

Талданатын объект туралы мәлімет:

«Қаратөбе ауданы әкімінің аппараты» ММ-де және аудандық дербес бөлімдері мен бағыныста квазимемлекеттік ұйымдар қызметі

Мекенжайы: БҚО, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы, Құрманғалиев көш. №12

2026 жылдың 5 мамыр - 5 маусым аралығында «Қаратөбе ауданы әкімінің аппараты» ММ-де және аудандық дербес бөлімдері мен бағыныста квазимемлекеттік ұйымдар қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау жүргізу мерзімі:05.05.2025-05.06.2026 ж.

Бақыланатын кезең: 01.05.2025-01.05.2026 ж

Қаратөбе ауданы әкімінің аппараты басшысының 2026 жылғы 28 сәуірдегі №55 «Қаратөбе ауданы әкімінің аппараты» ММ-де және аудандық дербес бөлімдері мен бағыныста квазимемлекеттік ұйымдар қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне» өкімі негізінде жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы келесідей құрамда құрылды:

1. Жәнібеков Дат Болатбекұлы - аудан әкімі аппаратының басшысы;
2. Әділханов Нұрбол Әділханұлы - аудан әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және шаруашылық жұмыстары бөлімінің басшысы;
3. Кенжеғалиева Мейрамгүл Жолдығалиқызы - аудан әкімі аппаратының персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінің басшысы;
4. Есендосов Мербол Мағзомұлы – аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру- бақылау бөлімінің басшысы;
5. Губайдуллина Венера Шоқанқызы - аудан әкімі аппаратының бас инспектор-заңгері.

Қаратөбе ауданының әкімдігі ведомстволық 8 дербес бөлімнен тұрады: аудандық ішкі саясат бөлімі, аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі, аудандық жер қатынастары бөлімі, аудандық экономика және қаржы бөлімі, аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі, аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Сонымен қатар квазимемлекеттік секторға жататын 7 квазимемлекеттік мекеме «Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің Қаратөбе

мемлекеттік коммуналдық шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорыны» және «Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Ғ.Құрманғалиев атындағы Қаратөбе аудандық демалыс орталығы» МКҚК, «Қаратөбе орталықтандырылған кітапхана жүйесі» мемлекеттік мекемесі, «Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қаратөбе спортклубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Қаратөбе аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы» , Қаратөбе ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қаратөбе ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Аудан әкімі аппаратының құрамында 3 бөлімнен тұрады: құжаттамалық қамтамасыз ету және шаруашылық жұмыстар бөлімі, ұйымдастыру-бақылау бөлімі, бірыңғай персоналды басқару(кадр қызметі) және мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімі.

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Есепті кезеңде Қаратөбе ауданы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің саны 81 штаттық бірлік құрайды. Қазіргі уақытта нақты мемлекеттік қызметшілер саны 80 құрап отыр, 1 бос орын бар.

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы 15-бабы 1 тармағына сәйкес жергілікті өкілді органдардың тағайындауы немесе сайлану жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы» № 40 бұйрығына сәйкес «Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізіледі.

«Б» корпусының бос әкімшілік лауазымына орналасуда конкурсты өткізу рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету.

Талдау кезеңінде 2025 жылдың 1 мамыры мен 2026 жылдың 1 мамыры аралығында 13 бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға жалпы конкурс жарияланып, оған 29 кандидат қатысып, нәтижесінде 12 қызметші бос лауазымдарға тағайындалған, жарияланған 1 бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға, анықталған жеңімпаз кандидат орналасудан бас тартты.

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына жалпы конкурс өткізу барысында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларының талаптары сақталған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу

жөніндегі комитеті ақпараттық сервисінің «Арнайы есептер» деректер қоры арқылы мемлекеттік қызметке кіру шарттарына сәйкестігі уақытылы алынған.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбек демалысын ұсыну кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

Заңның 54-бабының 1-тармағының талабына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге екі лауазымдық айлықақысы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленіп, ұзақтығы күнтізбелік отыз күнді құрайтын жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы беріледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу оның басталуына күнтізбелік үш күн қалғаннан кешіктірілмей, ал еңбек демалысы графиктен тыс берілген жағдайда - берілген күнінен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Талдау кезеңде еңбек демалысына ақы белгіленен мерзімінен кешіктіріліп төлену фактілері орын алмаған.

Еңбек кодексінің 91-бабының 1-тармағына сәйкес, жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын берудің кезектілігі жыл сайын жұмыс беруші жұмыскерлер пікірін ескере отырып бекітетін демалыстар кестесіне сәйкес айкындалады не тараптардың келісімі бойынша демалыстар кестесінен тыс белгіленеді.

Қаратөбе ауданы әкімімен 2026 жылға арналған қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарын беру кестесі бекітілген. Бекітілген кестеге сәйкес, еңбек демалысына жолданған.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Аудан әкімі аппаратының құзіретіне мемлекеттік қызмет көрсету кірмейді. Аудан әкімі аппаратымен дербес бөлімдер және ауылдық округ әкімінің аппараттары көрсететін мемлекеттік қызметтерге мониторинг және ішкі бақылау жүргізіледі.

2025 жылдың мамыр айынан қазір кезеңге дейін: 4 мемлекеттік мекемеге (Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі, Қаракөл ауылдық округі әкімінің аппараты, Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі, Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі) ішкі бақылау жүргізілді.

Қаратөбе ауданы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын насихаттау бойынша 2025 жылдың маусым айынан қазір кезеңге дейін атқарылған жұмыстар:

- «Қаратөбе өңірі» газетіне 16 мақала жарияланды;
- 12 дөңгелек үстел ұйымдастырылып;
- 2 семинар өткізілді;
- 4 жәрмеңке 4 қоғамдық қабылдау өткізіліп, тұрғындардың сұрақтарына жауаптар берілді;
- 4 қоғамдық кеңес ұйымдастырылды.

2025 жыл 1 мамыры -2026 жылдың 1 мамырына дейін қызмет алушылар тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына қатысты арыз-шағымдар болған жоқ.

Мемлекеттік қызметті көрсетуші мамандар жоспар бойынша біліктілігін арттыру семинарларына қатысып отыр.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес аудан әкімі аппаратының құзіретіне рұқсат беру функция кірмейді.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес аудан әкімі аппаратының құзіретіне рұқсат беру функциялары жоқ.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

«Қаратөбе ауданы әкімінің аппараты» ММ-не 2025 жылы 280490,0 мың теңге бөлініп толықтай 99,9% ға игерілді.

2026 жыл бойынша 293394,0 мың теңге қаражат бөлінді. Бүгінгі күнге 41,5% игерілді.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

01.05.2025- 01.05.2026 ж. жалпы сомасы 58718001.56 теңгеге мемлекеттік сатып алу жүргізді. Оның ішінде келесі тәсілдермен:

1) Баға ұсыныстарын сұрау 9982434,91тг;
2) өткізілмеген сатып алулар бойынша 18993810,06 тг;
3)бір көзден 20512989, 62 теңге сомаға;
4) конкурс 9228766,97 теңге.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Басшылық және мекеме қызметкерлер тарапынан мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Аудан әкімі аппаратының қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы; ИПГО ақпараттық жүйесі;

«E-enbek» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ҚР Бас прокуратурасының ақпараттық сервисі.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

2025 жылдың 1 мамыры – 2026 жылдың 1 мамыры аралығында **254 қаулы, 16 шешім, 199 өкім және 294** жеке құрам бойынша бұйрық, 46 негізгі қызмет бойынша бұйрық шығарылды. Осы уақыт аралығында шығарылған актілерге наразылық туындаған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарына өткізілген мониторингі («Қаратөбе өңірі» Қаратөбе ауданының қоғамдық-саяси газеті, Қаратөбе ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы) мекеменің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты теріс материалдар жарияланған жоқ.

2025 жылдың 5 мамырынан – 2026 жылдың 5 маусымы аралығында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында аудандық «Қаратөбе өңірі» газетінің бетінде 1 материал, ресми сайтқа және әлеуметтік желілерде 4 мақала жарияланып, 300-ге жуық жадынама үйлестірілді.

Азаматтардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI «Әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексінде көзделген қағидалар негізінде жүргізілуде.

«Қаратөбе ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 1 маусымынан – 2025 жылдың 1 мамыры аралығында – 426 жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түсіп, 61 тұлға жеке қабылдауда болды.

Түскен өтініштер уақытында тіркеліп, мерзімдеріне сай өтініш иелеріне жазбаша жауаптары берілді.

Сонымен қатар «Қаратөбе ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне «сыбайлас жемқорлық» мәселелеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан арыз-шағымдар түскен жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

«Қаратөбе ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Бөлімнің штат саны 2025 жылы - 7 бірлік, оның ішінде 1 – бөлім басшысы, 2-бас маман, 1-автокөлік жүргізуші, 1-тілші, 1-бейнеоператор, 1-іс жүргізуші. 2026 жылы – 7 бірлік, оның ішінде 1 – бөлім басшысы, 2 -бас маман, 1-бейнеоператор, 1-автокөлік жүргізушісі, 1-іс жүргізуші, 1- тілші.

Бөлімде **01.05.2025 – 01.05.2026 жж**. Аралықта кадр ауысушылығы 0% пайызды құрады. Бөлім қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар жоқ.

Жыл басынан бастап жұмыстан босатылғандар жоқ.

Талданып отырған кезеңде бөлімнің мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлерге сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мәселелері ашық жүргізіледі. Талдау кезеңінде қызметкерлер тарапынан шағымдар болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан лауазымдар тізбесіне бөлімнің бас мамандары, жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың басшысы кіргізілді.

2.Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

«Қаратөбе ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құзіретіне мемлекеттік қызмет көрсету кірмейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес «Қаратөбе ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құзіретіне рұқсат беру функция кірмейді.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық» Кодексінің 418-бабының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасына қойылатын ұлттық стандарттарды бұзу» 1-1 бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылықты анықтауға және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыруға құқылы.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

«Қаратөбе аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ-не 2025 жылы 64026,0 мың теңге қаражат бөлініп толықтай 100 %. игерілді.

2026 жылы үш бағдарлама бойынша 69122,0 мың теңге қаражат бөлінді. 2026 жылдың 1 мамырына 22202,9 мың теңгесі яғни 32,1%. игерілді.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

01.05.-31.12.2025ж. бөлімде жалпы сомасы 2033,5 мың теңгеге 12 мемлекеттік сатып алу жүргізді. Оның ішінде келесі тәсілдермен:

1) Баға ұсыныстарын сұрау 104,5 мың теңге сомасына 4 сатып алу;

2) өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден 26,8 мың теңге сомаға 2 сатып алу.

3) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы 1500,0 мың теңге сомаға 1 сатып алу.

4) Тікелей бір көзден сатып алу 402,2 мың теңге сомаға 5 сатып алу

01.01.-01.05.2026ж. бөлімде жалпы сомасы 18030.8 мың теңгеге 19 мемлекеттік сатып алу жүргізді. Оның ішінде келесі тәсілдермен:

1) Баға ұсыныстарын сұрау 655,5 мың теңге сомасына 4 сатып алу;

2) өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден 2419,3 мың теңге сомаға 5 сатып алу.

3) әлеуметтік тапсырыс арқылы 8800,0 мың теңге сомаға 4 сатып алу.

4) Тікелейшарт тұжырымы бір дерекөздерден 5715,0 мың теңге сомаға 4 сатып алу

5) Ашық конкурс арқылы 441,0 мың теңге сомаға 2 сатып алу өткізілді.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Басшылық және мекеме қызметкерлер тарапынан мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«E-enbek» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«eAkimat365» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Азаматтардың өтініш, арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексі негізінде жүргізіледі. 01.05.2025 -01.05.2026 жыл бойынша бөлімге заңды тұлғалардан 10 өтініш келіп түсті. Өтініш уақытында қаралып жауап берілді.

«Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Бөлімде барлығы 6 қызметкер жұмыс атқарады, соның ішінде 3 мемлекеттік қызметкер, 3 кіші қызметкер.

«Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ -інде 23 қызметкер жұмыс атқарады.

Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы»КММ-інде 6 қызметкер жұмыс атқарады.

Сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан лауазымдар мен қызметкерлер айқындалған жоқ.

Талдау кезеңіндегі кадр ауысушылығы:

2025 жылдың 3 қыркүйегінен бастап бөлімнің статисті Абдрахманова Әдемі Бүркітқызы өз өтініші негізінде жұмыстан босатылды.

2025 жылдың 20 қазанынан бастап Жусибалиева Асылжан Бекбергеновна бөлімнің статист қызметіне жұмысқа қабылданды.

Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар орын алған жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі аккаунттарына мониторинг жүргізіледі. Мемлекеттік қызметті әшкерелейтін материалдар жоқ. Еңбек тәртібін бұзу немесе өзге бұзушылықтар анықталған жағдайда кінәлі тұлғалардың жауаптылығы қарастырылады.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 14 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

№	*Мемлекеттік қызметтердің атауы*	*Жалпы көрсетілген қызметтер саны*	*Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген қызметтер саны (қағаз және электронды түрінде)*	*ЭҮП арқылы*	*ХҚКО арқылы*	*Проактивті*	*Бастарту*
1.	Тұрғын үй көмегін тағайындау	14			14		
2.	Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу	31	1	21	2	7	
3.	Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу	103		18	27	58	
4.	Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу	3		1		2	
5.	Естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу	2				2	

6.	Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу	17		9	1	7	
7.	Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу	179		35	5	139	
8.	Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу	21			21		
9.	Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау	1638	1638				
10.	Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу	146		10	1	135	
11.	Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу	17		14	3		
12.	Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру	0	0				
13.	Ақталған адамға куәлік беру	0	0				
14.	Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру және ұзарту	77			77		
	БАРЛЫҒЫ	**2248**	**1639**	**108**	**151**	**350**	

"Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 бұйрығы, "Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 287 бұйрығы, "Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығы, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 197 бұйрығы, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттармен белгіленген тәртіпке сәйкес көрсетіледі. Негізсіз бас тарту фактілері орын алған жоқ.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің құзіретіне рұқсат беру функция кірмейді.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің құзіретіне бақылау-тексеру функция кірмейді.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Каратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде 2025 жылға 190531.0 мың.теңге бөлініп, 01.01.2026 жылға игерілгені 189761,2 мың теңге. 99,59 пайыз.

2026 жылға қарастырылған бюджет 253975 мың.теңге, 01.05.2026 жылға игерілгені 14980,9 теңге.

Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы»коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылға қарастырылған бюджет 68286,0 мың теңге, 01.01.2026 жылға игерілгені 68283.0 мың теңге, 99.9 пайыз

Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы»коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылға қарастырылған бюджет 75559,0 мың теңге, 01.05.2026 жылға игерілгені 36439.0 мың теңге, 48.2 пайыз

Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы»КММ-ң 2025 жылға қарастырылған бюджет 20000,0 мың теңге, 01.01.2026 жылға игерілгені 19994.4 мың теңге 99.9 пайыз.

Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы»КММ-ң 2026 жылға қарастырылған бюджет 22622,0 мың теңге, 01.05.2026 жылға игерілгені 6487.3 мың теңге 28.7 пайыз.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 ж 1 шілдедегі №106-VIII Заңына сай , 2025-2026 жылдың есепті кезеңінде мемлекеттік сатып алу саласында төмендегіше келісім шарттар жасалды:

ИП "Нурали" Отын, жанар - жағар май материалдарын сатып алу (антифриз) 9500 теңге 00 тиын, 2025 ж 2 маусым №990840000805/250025/00 келісім шартпен
ИП "Нурали" автокөлікке қосалқы бөлшектерді сатып алу 29300 теңге 00 тиын, 2025 ж 3 маусым №990840000805/250026/00 келісім шартпен
ИП "Нурали" Отын, жанар - жағар май материалдарын сатып алу (мотор майы) 17200 теңге 00 тиын, 2025 ж 9 маусым №990840000805/250027/00 келісім шартпен
"Қазпошта" акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы 2025 жылдың 2 - ші жарты жылдығына газеттер мен журналдарға жазылым қызметі 23512 теңге 98 тиын 2025 ж 4 маусым №990840000805/250028/00 келісім шартпен
ИП "Светцова Т Д" автокөлікке қосалқы бөлшектерді сатып алу 29000 теңге 00 тиын, 2025 ж 14 шілде №990840000805/250029/00 келісім шартпен
ИП "Нурали" автокөлікке қосалқы бөлшектерді сатып алу 19560 теңге 00 тиын, 2025 ж 4 шілде №990840000805/250030/00 келісім шартпен
ИП Даулетназаров кеңсе тауарларын сатып алу (тезтікпе) 14000 теңге 00 тиын ,2025 ж 25 тамыз №990840000805/250031/00 келісім шартпен
"ILER Integration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі материалдық емес активтерді сатып алу (Kaspersky антивирус бағдарламасы) 68758 теңге 03 тиын 2025 ж 12 тамыз №990840000805/250032/00 келісім шартпен
ИП Ar-Rahman Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу (компьютерге арналған веб камера) 11846 теңге 00 тиын, 2025 ж 25 тамыз №990840000805/250033/00 келісім шартпен
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Мемлекеттік корпорация арқылы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтер 39322 теңге 12 тиын, 2025 ж 3 қыркүйек №990840000805/250034/00 келісім шартпен
ИП Хангереев Отын, жанар - жағар май материалдарын сатып алу (антифриз) 7500 теңге 00 тиын, 2025 ж 18 қыркүйек №990840000805/250035/00 келісім шартпен
ИП Хамза автокөлікке қосалқы бөлшектерді сатып алу 23500 теңге 00 тиын, 2025 ж 16 қыркүйек №990840000805/250036/00 келісім шартпен
ИП "Светцова Т Д" автокөлікке қосалқы бөлшектерді сатып алу 24300 теңге 00 тиын, 2025 ж 31 қазан №990840000805/250037/00 келісім шартпен
Дара кәсіпкер "Сырым А.Б" кеңсе тауарларын сатып алу (үстелдік аудармалы күнтізбе,жапсырма) 5450 теңге 00 тиын ,2025 ж 31 қазан №990840000805/250038/00 келісім шартпен
ИП "Светцова Т Д" автокөлікке қосалқы бөлшектерді сатып алу 2100 теңге 00 тиын, 2025 ж 3 қараша №990840000805/250039/00 келісім шартпен
ИП "Нурали" Отын, жанар - жағар май материалдарын сатып алу (мотор майы) 17500 теңге 00 тиын, 2025 ж 31 қазан №990840000805/250040/00 келісім шартпен

ИП WinMAX картриджге бояу құю қызметі 83500 теңге 00 тиын,2025 ж 17 ақпан №990840000805/250012/00 келісім шартына, 2025 ж 27 қараша №990840000805/250012/01 қосымша келісім шарт жасалды,шарттың жалпы сомасы 30000 теңгені құрады.
"Ақ желкен" мүгедектер қоғамдық бірлестігі 2025 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Инватакси қызметін ұсынуға 7483500 теңге 00 тиын, 2025 ж 20 ақпан №990840000805/250014/00 келісім шартына, 2025 ж 1 желтоқсан №990840000805/250014/01 қосымша келісім шарт жасалды,шарттың жалпы сомасы 3626316 теңгені құрады.
"Қазпошта" акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы 2026 жылдың 1 - ші жарты жылдығына газеттер мен журналдарға жазылым қызметі 33403 теңге 38 тиын 2025 ж 2 желтоқсан №990840000805/250041/00 келісім шартпен
ИП Дошимов компьютерлік құрылғыларды жөндеу қызметі 82000 теңге 00 тиын, 2025 ж 17 ақпан №990840000805/250011/00 келісім шартына 2025 ж 11 желтоқсан №990840000805/250011/01 қосымша келісім шарт жасалды,шарттың жалпы сомасы 55000 теңгені құрады.
"Қазақтелеком" акционерлік қоғам Байланыс қызметтеріне ақы төлеу (абонементтік төлем және ауданаралық, қалааралық сөйлесулер) 140000 теңге 00 тиын 2025 ж 21 қаңтар №990840000805/250001/00 келісім шартына 2025 ж 9 желтоқсан №990840000805/250001/01 қосымша келісім шарт жасалды,шарттың жалпы сомасы 42 121 теңге 74 тиынды құрады.
"Қазпошта" акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы банкалық қызмет көрсету 580000 теңге 00 тиын , 2025 ж 29 қаңтар №990840000805/250006/00 келісім шартына 2025 ж 29 желтоқсан №990840000805/250006/01 қосымша келісім шарт жасалды,шарттың жалпы сомасы 368766 теңге 00 тиынды құрады.
"Қазпошта" акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы банкалық қызмет көрсету 890000 теңге 00 тиын , 2025 ж 29 қаңтар №990840000805/250007/00 келісім шартына 2025 ж 29 желтоқсан №990840000805/250007/01 қосымша келісім шарт жасалды,шарттың жалпы сомасы 522854 теңге 00 тиынды құрады.
"Қазпошта" акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы банкалық қызмет көрсету 70000 теңге 00 тиын , 2025 ж 29 қаңтар №990840000805/250005/01 келісім шартына 2025 ж 29 желтоқсан №990840000805/250005/02 қосымша келісім шарт жасалды,шарттың жалпы сомасы 29398 теңге 00 тиынды құрады.
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Атаулы әлеуметтік көмекті ұсыну және көрсету бойынша әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтер 223710 теңге 98 тиын, 2025 ж 12 ақпан №990840000805/250008/01 келісім шартына 2025 ж 29 желтоқсан №990840000805/250008/02 қосымша келісім шарт жасалды,шарттың жалпы сомасы 89006 теңге 15 тиынды құрады.
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Мемлекеттік корпорация арқылы мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтер 39322 теңге 12 тиын, 2025 ж 3 қыркүйек №990840000805/250034/00 келісім шартына 2025 ж 29 желтоқсан №990840000805/250034/01 қосымша келісім шарт жасалды,шарттың жалпы сомасы 13550 теңге 19 тиынды құрады.

"Азия Сервис-Уральск" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жыл ішінде 1С бағдарламасын жаңарту 149999 теңге 99 тиын ,2026 ж 19 қаңтар №990840000805/260001/00 келісім шартпен

"Азия Сервис-Уральск" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жыл ішінде 1 с бағдарламасына ақпараттық технологиялық қолдау қызметі 320000 теңге 00 тиын , 2026 ж 19 қаңтар №990840000805/260002/00 келісім шартпен

"Қазақтелеком" акционерлік қоғам Байланыс қызметтеріне ақы төлеу (абонементтік төлем және ауданаралық, қалааралық сөйлесулер) 84243 теңге 42 тиын 2026 ж 23 қаңтар №990840000805/260003/00 келісім шартпен

"Қазақтелеком" акционерлік қоғам Байланыс қызметтеріне ақы төлеу (интернет) 283562 теңге 88 тиын 2026 ж 24 қаңтар №990840000805/260004/00 келісім шартпен

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Атаулы әлеуметтік көмекті ұсыну және көрсету бойынша әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтер 215740 теңге 28 тиын, 2026 ж 12 ақпан №990840000805/260005/01 қосымша келісім шартпен

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Мемлекеттік корпорация арқылы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтер 246560 теңге 32 тиын, 2026 ж 12 ақпан №990840000805/260006/01 қосымша келісім шартпен

ИП WinMAX картриджге бояу құю қызметі 92000 теңге 00 тиын,2026 ж 28 қаңтар №990840000805/260007/00 келісім шартпен

"Көру мүшесі зақымдалған мүгедектер қоғамдық бірлестігінің "Орал" корпоративтік қоры 2026 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Инватакси қызметін ұсынуға 6300000 теңге 00 тиын, 2026 ж 27 қаңтар №990840000805/260008/00 келісім шарт

Батыс Қазақстан облысы бойынша "Жан-Демеуші" мүгедектер қоғамдық бірлестігі 2026 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Қаратөбе ауданы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған,пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыру 950000 теңге 2026 ж 4 ақпан №990840000805/260009/00 келісім шартпен

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Мемлекеттік корпорация арқылы жеке көмекшінің қызметтерінің құнын өтеу жөніндегі қызметтер 1541 теңге 00 тиын, 2026 ж 12 ақпан №990840000805/260010/00 қосымша келісім шартпен

"МегаОйлОрал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Отын, жанар - жағар май материалдарын сатып алу (бензин АИ - 92) (талондар) 756134 теңге 40 тиын 2026 ж 9 ақпан №990840000805/260011/00 келісім шартпен

ИП Дошимов компьютерлік құрылғыларды жөндеу қызметі 108000 теңге 00 тиын, 2026 ж 12 ақпан №990840000805/260012/00 келісім шартпен
"Қазпошта" акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы банкалық қызмет көрсету 100000 теңге 00 тиын , 2026 ж 18 ақпан №990840000805/260013/00 келісім шарт
"Қазпошта" акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы банкалық қызмет көрсету 500000 теңге 00 тиын , 2026 ж 18 ақпан №990840000805/260014/00 келісім шарт
"Қазпошта" акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы банкалық қызмет көрсету 700000 теңге 00 тиын , 2026 ж 18 ақпан №990840000805/260015/00 келісім шарт
"Сентрас Иншуранс" Сақтандыру Компаниясы" акционерлік қоғамы Автокөлікті міндетті сақтандыру жарнасы 27776 теңге 00 тиын ,2026 ж 20 наурыз №990840000805/260016/00 келісім шартпен
ИП ВасТорг автокөлікке қосалқы бөлшектерді сатып алу 7890 теңге 00 тиын, 2026 ж 17 сәуір №990840000805/260017/00 келісім шартпен
ИП МУСАЕВА Отын, жанар - жағар май материалдарын сатып алу (антифриз,мотор майы) 46400 теңге 00 тиын, 2026 ж 10 сәуір №990840000805/250018/00 келісім шартпен
ИП Жаркинбаева автокөлікке қосалқы бөлшектерді сатып алу 5490 теңге 00 тиын, 2026 ж 21 сәуір №990840000805/260019/00 келісім шартпен

Барлық мемлекеттік сатып алу келісім шарттары заңдылыққа сәйкес жүргізілді. Өткізілген мемлекеттік сатып алу процестері медианный (орташа) бағалар аясында жүзеге асырылды. Оларды сатып алу кезінде интернет желісі арқылы нарықтағы бағалар сараланып, сол бағалар шеңберінде орташа баға ұсынылды және сол ұсынылған баға аясында мемлекеттік сатып алу келісім шарттары жасалды. Нарықтағы бағадан асырылып алынған тауарлар болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар орын алған жоқ. Алдағы уақытта да сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бағытында жұмыстар жалғасатын болады.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

бөлімінің қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«E-enbek» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

«Е-собес» жүйесі

«Соц помощь»жүйесі

«Иностранная рабочая сила» ақпараттық жүйесі

«Цифровая карта семьи» жүйесі

«E-Qyzmet» жүйесі
«Жилищная помощь» ақпараттық жүйесі
«СКУД» ақпараттық жүйесі

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жүргізіледі.

2025 жылдың 01 мамырынан 2026 жылдың 1 мамыры аралығында жеке тұлғалардан 3 және заңды тұлғалардан 7 өтініш түсті. Өтініштердің барлығы е-Өтініш АЖ-де тіркеліп қаралады. Бөлім басшысы, бас мамандар бөліммен іске асырылып жатқан бағдарламалар және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жариялайды.

Ұсыныстар: Бөлім мамандарына тұрғындар арасында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша, әсіресе «электрондық үкімет» веб порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесін арттыру мақсатында, түсіндіру жұмыстарын қарқындату.

Қорытынды:Каратөбе ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында күрделі мәселелер анықталған жоқ. Бөлімде жұмыстың өту барысы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда.

1

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Мекемеде 2 мемлекеттік қызметкер және 4 техникалық қызметкер (оның ішінде 1 техникалық қызметкер декреттік демалыста)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес, жергілікті өкілді органдардың тағайындауы немесе сайлану жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Мекеменің барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің «Ақпараттық қызмет» мәліметтер базасымен тексеріледі. Мекеменің мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер сақталуда.

Мекеме қызметкерлерімен акциялар, пайлар, жеке кәсіпкерлікпен айналысу фактілері орын алған жоқ.

Бөлімінің мемлекеттік қызметшілерінің штат саны 2 қызметкерді құрайды.

Қызметкерлердің қажетті құжаттары толығымен бар және Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес келеді.

Бөлімде жақын туыстарының, жұбайларының бірлесіп жұмыс жасау фактілері анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» № 301 бұйрығына сәйкес 2024 жылдың 1 маусымнан -1 маусым аралығында 165 мемлекеттік қызметтер көрсетілді:

1. «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша – 133 жерге орналастыру жобалары бекітілді.

2. «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша – 2 өтініштің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім берілді.

3. «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша – 2 заңды тұлғадан өтініш түсіп жер учаскелерін пайдалануға рұқсат берілді.

4. «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру түпкілікті шешім беру» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша – 0 өтініш түсті.

5. «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» - Қазіргі уақытта толықтай электронды форматқа өтті, жер кезегін алу үшін - азамат тіркеуде тұр

6. «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша –келіп түскен жеке және заңды тұлғалардан 179 өтініш түсті.

7. «Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру» - өтініш түскен жоқ.

8. «Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау» -11 өтініш қаралып қанағаттандырылды.

9. «Жер учаскесін жеке меншікке бір уақытта немесе бөліп төлеуге сату – өтініш түсіп қанағаттандырылды.

10. «Жер учаскесінің мерзімін ұзарту» -31 қызмет көрсетілді.

2026 жылдың 1 маусымынан Халыққа қызмет көрсету орталығының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі мониторинг жүйесінен мемлекеттік көрсетілген қызметтердің мерзімдері бұзылған өтініштер жоқ.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Бөлімінің құзіретіне бақылау-тексеру функция кірмейді

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Бөлімінің құзіретіне бақылау-тексеру функция кірмейді

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Аудандық жер қатынастары бөлімін қамтамасыз етуге 01.01.2026 – 01.06.2026 жж аралығында бөлінген қаражат –31 869,0 мың теңге. Қаражат 64%-ға игерілді.

Жергілікті деңгейде жер қатынастары бөлімінің дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша еңбекақы, үстемақы, әлеуметтік аударымдар, қызметтік іссапарлар төлеу және байланыс қызметтері, бөлімге қажетті кеңсе тауарлар, автокөлікке қажетті қосалқы бөлшектер, жанар-жағармайлар, өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу шығыстарына жұмсалды.

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Қажетті сатып алуларды анықтау жетекшілік ететін басшылықпен келіскеннен кейін қаржы және есеп бөліміне берген өтінімдері негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары туралы ақпарат goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған.

Мемлекеттік сатып алулар мемлекеттік сатып алу порталында бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталында жарияланады, бұл өнім берушімен қандай да бір байланысты болдырмайды. Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарттар электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

Талданып отырған кезеңде өткізілген сатып алулар бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында белгіленген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер сақталды.

Бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарының бір бөлігі баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмегеннен кейін бір көзден алу тәсілімен сатып алынғанын атап өткен жөн. Осылайша, мемлекеттік сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен бір ғана әлеуетті өнім берушінің сатып алуға қатысу себебі бойынша өтпеді деп танылған жағдайда, жүйе тапсырыс берушінің қатысуынсыз автоматты түрде осындай әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шақыру жібереді.

Аудандық жер қатынастары бөлімі мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін айқындау кезінде мемлекеттік сатып алудың бәсекелестік тәсілдерін таңдауға ұмтылды. Өткізілген мемлекеттік сатып алуды талдау нәтижесінде бөлімнің қызметіне әсер ететін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған

7.Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

01.06.2025 – 01.06.2026 жж аралығында мемлекеттік сатып алу порталында жалпы сомасы 4 720.00мың теңге 21 келісім шарт жасалды, оның ішінде:

Мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен –3 150 604.89 теңге

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен –931 336.64 теңге
Конкурс арқылы 2 келісім шарт жасалды – 638 083,05 теңге

Жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) 2026 жылдың 1 қаңтарынан 2026 жылдың 1 шілдесі дейінгі аралықтағы шарттар:

Жалға берілетін заңды тұлғалармен 0 шарт;

Жалға берілетін жеке тұлғалармен 59 шарт.

Жер учаскесін сатып алу-сату шарттары бойынша жеке тұлғалармен және заңды тұлғалармен 21 шарт жасасты.

Аудан бойынша 4 азаматпен жасақталған жер учаскелерін жалдау шарттары бойынша жалға алушылар қайтыс болды, мұраға түскен азаматтармен 6 жаңадан жалдау шарттары жасақталды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 252 «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес пайдаланбайтын жер учаскелерін анықтау мақсатында мониторингті жүзеге асырылады.

8.Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Қаратөбе аудандық жер қатынастары бөлімінің қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog» - ақпараттық жүйесі

«e-Otinish» - азаматтардың барлық жолданымдарын қабылдау және өндеудің бірыңғай платформасы

«e - Qyzmet» - ақпараттық жүйесі

«E-enbek» - ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі

ЦРМ – ақпараттық жүйесі

«Қазынашылық-Клиент» - ақпараттық жүйесі

«1С – бухгалтерия» ақпараттық жүйесі

«gosreestr.kz» - порталында

«Elicense» -ақпараттық жүйесі,

Геоақпараттық порталы жүйесі

9.Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

ҚР Жер кодексінің 48-бабына сәйкес, мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін беру немесе жер учаскелерін жалға алу құқығы сауда-саттықта (аукциондарда) жүзеге асырылады.

Аудан бойынша кәсіпкерлік мақсатындағы жер учаскелеріне жалдау құқығын сату бойынша gosreestr.kz порталында электронды түрде аукциондар өткізілуде.

01.06.2025-01.06.2026 жылы 3 рет «gosreestr» порталы арқылы аукционға көлемі 1.126 гектар құрайтын құрылыстар мен ғимараттарға қызмет көрсету мақсатындағы 12 жер учаскесі шығарылды.

«Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

2026 жылғы 1 маусымдағы жағдайы бойынша «Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде штаттық кестеге сай 10 адамды құрап отыр. Оның 4-і мемлекеттік әкімшілік қызметші, оның 1-і бөлім басшысы, 3- бас маман, 6 техникалық персонал, оның ішінде: 2-статист, 1 кіші қызметкер, 1 автокөлік жүргізушісі және 2 күзетші.

Аудандық экономика және қаржы бөлімінде 2 штаттық бірлік – статист вакансия, 1 уақытша (бала күтіміне байланысты), 1-тұрақты бос жұмыс орыны болып тұр.

2.Мүдделер қақтығысын реттеу.

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесін бөлім басшысы басқарады. Бөлімнің басшысы Нурмагамбетов Берік Базаруллы 2010 жылы 23 қарашадағы аудан әкімі Н.Қарағойшиннің №80 өкімімен Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды. Өзінің қарамағындағы қызметкерлерімен туыстық қатынаста тұрмайды. 2026 жылы мүдделер қақтығысы болған жоқ.

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министірінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімімен бекітілген ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу үшін және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандары, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну.

Бөлім «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын» мемлекеттік көрсетілетін қызметін жүзеге асырады. Отбасы банк Баспана Маркет жылжымайтын мүлік порталы арқылы құжаттар қабылдап, мемлекеттік қызмет көрсетеді.

01.06.2025ж-01.06.2026ж Уақыт аралығында 120 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Бөлімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарты мен регламенті арнайы бұрышта ілінген.

2026 жылғы наурыз айында аудандық «Қаратөбе өңірі» газетіне «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасымен әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы мақала жарияланды.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде рұқсат беру функциялары іске асырылмайды.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бақылау-тексеру функциялары іске асырылмайды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі бойынша 2025 жылы жоспарланған 1 952 200,7 мың теңге қаржыны 1 768 898,7 мың теңгеге игерді немесе 90,6%.

2026 жылғы 1 маусымға 1 161 416,0 мың теңге жоспарланып, 1 156 730,8 мың теңгеге орындалды немесе 99,6%.

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен 2025 жылы 77 маманға 30 276,4 мың теңге көтерме жәрдемақы төледі және республикалық бюджеттен 174 974 мың теңге бюджеттік кредит бөлініп, 22 маманға 172 746,6 мың теңге төленді, 2 227,4 мың теңге тұрғын үй бағаларына сәйкес үнемделді.

2026 жылы 1 маусымға 50 маманға көтерме жәрдемақыға 21 625 мың теңге қаражат бөлініп, толықтай игерілді, тұрғын үй сатып алу немесе салуға ағымдағы жылға 160 025 мың теңге бөлініп қыркүйек айына жоспарланды, жыл соңына қаражат игеріледі деп күтілуде.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 2025 жылы жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалармен 31 келісім шарт жасалса, 2026 жылы 36 келісім шарт жасақталды.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Аудан әкімі аппаратының қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«Мемлекеттік сатып алу» порталы;

«Е- акимат» жүйесі;

«Е- қызмет» жүйесі;

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Мекемемен анықтамада көрсетілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді барынша азайту және жою жөнінде шаралар қолдануға, оның ішінде уәкілетті органдарға ұсыныстар енгізу жөнінде, мамандар арасында құқықтық оқытулар жүргізу.

«Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқарумен, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау. Қазіргі таңда бөлімде штат саны – 6 бірлік, оның ішінде 1 - бөлім басшысы, 1 – бас маман, 1 – статис, 1 – техник-бағдарламашы, 1 – іс-қағаз жүргізуші, 1 – автокөлік жүргізуші.

Талданып отырған кезеңде бөлімнің мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Барлық мемлекеттік қызметшілер кірістер және мүлік туралы декларацияларды мемлекеттік кірістер органдарына уақытылы ұсынылды.

Қызметкерлерге сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мәселелері ашық жүргізіледі. Талдау кезеңінде қызметкерлер тарапынан шағымдар болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан лауазымдар тізбесіне бөлім басшысы, бөлімнің мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты маман және мұрағатшысы кіргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Ұсыным жоқ.

II.Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

III.Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

01.05.2025 жыл – 01.05.2026 жыл аралығында Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінде 6 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

IY.Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімде рұқсат беру функциялары бойынша Мандайшаны ауылда орналастыру туралы хабарламаларды «Рұқсаттар және хабарламалар туралы»

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылдау және қарау» функциясы жаңадан қосылды.

ҰСЫНЫМ: мамандарды «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылдау және қарау» функциясы бойынша жұмысты жүргізу үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Y.Бақылау-тексеру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімде бақылау-тексеру функциялары жоқ.

YI. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімнің 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 26214,0 мың теңге қарастырылып, толықтай игерілді.

YII.Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасаумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде бөлім жалпы сомасы 4735,9 мың теңгеге 23 мемлекеттік сатып алу жүргізді. Оның ішінде келесі тәсілдермен:

1) Баға ұсыныстарын сұрау – 2675,8 мың теңге сомасына 8 сатып алу;
2) Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 1411,1 мың теңге сомаға 6 сатып алу шартын тікелей жасасу арқылы;
3) Ашық конкурс тәсілі бойынша – 648,9 мың теңге сомаға 2 сатып алу.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Басшылық және мекеме қызметкерлер тарапынан мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

YIII. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде келген қызметтік хаттар Documentolog 7 арқылы тіркеледі.

Аудан әкімі аппаратының жалпы бөліміне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің тоқсандық, жарты жылдық, жылдық есептері, айлық анықтамалар, акттер және мәліметтер уақытымен тапсырылған.

Бұқаралық ақпарат құралдарына («Қаратөбе өңірі» қоғамдық–саяси аудандық газеті, Қаратөбе ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы) мекеменің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты теріс материалдар жариялаған жоқ.

2025 жылдың шілдесінен бастап бөлімге және бөлімге бағыныстық мекемелерге жұмысқа алынатын қызметкерлердің барлығы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық базасы арқылы тексеріліп отырады.

IX. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

«Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамуты, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 1 маусымы мен 2026

жылдың 1 маусымы аралығында – 22 жеке тұлғалдан өтініш түскен. Сондай-ақ, негізгі бұйрық 62, жеке құрам 65 бұйрық шығарылған.

Түскен өтініштер уақытында тіркеліп, мерзімдеріне сай өтініш иелеріне жазбаша жауаптары берілді.

Бөлімге бағыныста 3 квазимемлекеттік сектор бар:

«Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Ғ.Құрманғалиев атындағы Қаратөбе аудандық демалыс орталығы» МКҚК, «Қаратөбе орталықтандырылған кітапхана жүйесі» мемлекеттік мекемесі, «Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қаратөбе спортклубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Қорытынды: Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында күрделі мәселелер анықталған жоқ. Бөлімде жұмыстың өту барысы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда.

Қаратөбе аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

1. **Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.**

Бөлімде барлығы 7 қызметкер жұмыс атқарады, соның ішінде 4 мемлекеттік қызметкер, 3 азаматтық қызметкер. Сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан лауазымдар мен қызметкерлер айқындалған жоқ.

Талдау жүргізу мерзімі:05.05.2026-05.06.2026 ж.

Бақыланатын кезең: 01.05.2025-01.05.2026 ж

Талдау кезеңіндегі кадр ауысушылығы:

2025 жылдың 03 маусымында бөлімнің статист қызметіне Закарова Асылзада жұмысқа қабылданды.

2025 жылдың 16 маусымында бөлім басшысы лауазымына Муханов Канат Муратович тағайындалды.

2025 жылдың 30 маусымынан бастап бөлімнің көлік жүргізушісі қызметінен Таскалиев Медет өз арызы бойынша босатылды.

2025 жылдың 03 шілдесінде бөлімнің көлік жүргізушісі қызметіне Адиятов Хамидулла жұмысқа қабылданды.

2025 жылдың 01 тамызынан бастап бөлімнің хатшысы қызметінен Жубандыков Ажғали өз арызы бойынша босатылды.

2025 жылдың 05 тамызынан бастап бөлімнің хатшысы қызметіне Кенжесов Қуанбай 0,5 бірлікпен жұмысқа қабылданды.

2025 жылдың 03 қарашадан бастап бөлімнің хатшысы қызметінен Кенжесов Қуанбай өз арызы бойынша босатылды.

2025 жылдың 04 қарашасынан бастап бөлімнің хатшысы қызметіне Ермегалиев Жасталап 0,5 бірлікпен жұмысқа қабылданды.

Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар орын алған жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі аккаунттарына мониторинг жүргізіледі. Мемлекеттік қызметті әшкерелейтін материалдар жоқ. Еңбек тәртібін бұзу немесе өзге бұзушылықтар анықталған жағдайда кінәлі тұлғалардың жауаптылығын қарастыру.

2.Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді.Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3.Мемлекеттік қызмет көрсету .

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес, 4 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

№	*Мемлекеттік қызметтердің атауы*	*Жалпы көрсетілген қызметтер саны*	*Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген қызметтер саны (қағаз түрінде)*	*ЭҮП арқылы*	*ХҚКО арқылы*	*Проактивті*	*Бастарту*
1.	Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру.	6	6	0	0	0	0
2.	Тұрғын үй сертификаттарын беру.	3	3	0	0	0	0
3.	Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруды келісу.	0	0	0	0	0	0
	БАРЛЫҒЫ	**9**	**9**	**0**	**0**	**0**	**0**

4. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ережеге сәйкес Бөлімде рұқсат беру функциялары жоқ.

5.Бақылау-тексеру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімде бақылау-тексеру функциялары жоқ.

6.Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қаратөбе аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде 2025 жылға 1082054,8 мың.теңге бөлініп толық игерілід. 01.05.2026 жылға бөлінген қаржының 179751,0 мың теңгесі немесе 35,5 % игерілді.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 2026 жылдың есепті кезеңінде мемлекеттік сатып алу саласында көрсетілген мерзім ішінде 45 келісім шарттар жасалды.

«Жарқын Жол Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жолдарды күтіп ұстау қызметі 69047619 теңге 39 тиын 2026 ж 20 қаңтар №1 келісім шарт.

«Grand Market» жеке кәсіпкерлігі, құрылыс материалдарын сатып алу 199244 теңге, 2026 ж 05 ақпан №2 келісім шарт.

«ESM GROUP» жеке кәсіпкерлігі, газ қазандықтарын сатып алу 1223450 теңге, 2026 ж 05 ақпан №3 келісім шарт.

"Қазақтелеком" акционерлік қоғам Байланыс қызметтеріне ақы төлеу (абонементтік төлем және ауданаралық, қалааралық сөйлесулер) 616999 теңге 36 тиын 2026 ж 28 қаңтар №4 келісім шарт.

«Дошимов» жеке кәсіпкерлігі, газ қазандықтарына қызмет көрсету 2162000 теңге, 2026 ж 11 ақпан №6 келісім шарт.

«МегаОйлОрал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Отын, жанар - жағар май материалдарын сатып алу (бензин АИ - 92) (талондар) 643104 теңге 00 тиын 2026 ж 11 ақпан №7 келісім шарт.

Қаратөбе ауданы әкімдігінің ШЖҚ Қаратөбе аудандық МКК, су жүйесін күтіп ұстау жұмыстары, 8928571 теңге 00 тиын 2026 ж 19 наурыз №19 келісім шарт.

«АсылАрман» жеке кәсіпкерлігі, генератор сатып алу 979800 теңге, 2026 ж 31 наурыз №28 келісім шарт.

«Қазпошта» акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы 2026 жылдың 2-ші жартыжылдығына газеттер мен журналдарға жазылым қызметі 40782 теңге 54 тиын 2026 ж 15 мамырдағы №38 келісім шарт.

Барлық мемлекеттік сатып алу келісім шарттары заңдылыққа сәйкес жүргізілді. Өткізілген мемлекеттік сатып алу процестері медианный (орташа) бағалар аясында жүзеге асырылды. Оларды сатып алу кезінде интернет желісі арқылы нарықтағы бағалар сараланып, сол бағалар шеңберінде орташа баға ұсынылды және сол ұсынылған баға аясында мемлекеттік сатып алу келісім шарттары жасалды. Нарықтағы бағадан асырылып алынған тауарлар болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар орын алған жоқ. Алдағы уақытта да сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бағытында жұмыстар жалғасатын болады.

8.Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықтау.

Қаратөбе ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

«E-Qyzmet» жүйесі

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9.Ұйымдастыру-басқару қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жүргізіледі.

2024 жылдың 01 мамырымен 2025 жылдың 1 мамыр аралығында жеке тұлғалардан 7 және заңды тұлғалардан 9 өтініш түсті. Өтініштердің барлығы е-Өтініш АЖ-де тіркеліп қаралады. Бөлім басшысы, бас мамандар бөліммен іске асырылып жатқан бағдарламалар және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жариялайды.

Қорытынды: Қаратөбе аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында күрделі мәселелер анықталған жоқ. Бөлімде жұмыстың өту барысы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда.

«Қаратөбе аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі»

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Бөлімнің штат саны 2025 жылы - 6 бірлік, оның ішінде 1 - бөлім басшысы, 1-бас маман, 1- бас маман есепші, 1- статист, 1- хатшы, 1- көлік жүргізуші.

2025 жылы өз еркімен жұмыстан 1 қызметкер босатылды, 1 қызметкер жұмысқа алынды.

Жыл басынан бастап жұмыстан босатылғандар 1 қызметкер болды, 1 қызметкер жұмысқа алынды.

Таза ауысымдылық -0% құрады.

Жаңа тағайындалымдар болған жоқ.

Талданып отырған кезеңде бөлімнің мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлерге сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мәселелері ашық жүргізіледі. Талдау кезеңінде қызметкерлер тарапынан шағымдар болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан лауазымдар тізбесіне Бөлімнің мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты мамандар кіргізілді.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Талдау кезеңінде мүдделер қақтығысы болған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Бөліммен 2025-2026 жылдары барлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер электрондық ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілді.

Бөлімімен келесі мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру;
2) Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну;
3) Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу;
4) Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру;
5) Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруды үйлестіру;
6) Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру;
7) Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру;

Қаратөбе аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі бойынша 2025 жылдың 1 мамыры мен 2026 жылдың 1 мамыр аралығында барлығы: **676** қызмет көрсетілді, (*Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну – **65**, Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу – **60**, Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру – **26**, Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама бер-**525**.*

Аталған қызметтердің барлығы регламентке сәйкес мемлекеттік корпорация, egov порталы, ХҚКО БАЖ арқылы жүзеге асырылды, бөлім қызметкерлерімен альтернативті негізде мемлекеттік қызметтерді көрсету жағдайлары болған жоқ, яғни қызмет алушылармен тікелей қары- қатынас орын алған жоқ.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтік Әдепті бұзу фактілері бақыланатын кезеңде орын алмаған.

Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін тәуекелдер анықталған жоқ.

4. **Рұқсат беру функцияларын іске асыру.**

Ережеге сәйкес Қаратөбе аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің құзіретіне рұқсат беру функциясы кірмейді.

5. **Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.**

Ережеге сәйкес Қаратөбе аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің құзіретіне бақылау-тексеру беру функциялары кірмейді.

6. **Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.**

Есептелген жалақының еңбекақы төлеуді реттейтін заңнамаға сәйкестігі.

Талдау жалақыны есептеу бекітілген штат кестелеріне сәйкес жүзеге асырылатындығын анықтады.

25 еселенген АЕК-тен аспайтын («Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 353-бабы) жұмыскерлердің табыстары бойынша табыс салығын есептеу кезінде тиісті түзету (90%) жүзеге асырылды.

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды әлеуметтік салықтан тиісті шегерім жүзеге асырылады.

Демалыстарды есептеу кезінде орташа жалақыны есептеу көтеру коэффициентін ескере отырып жүзеге асырылады. Жалақыны есептеу кезінде кемшіліктер анықталған жоқ.

Салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысулардың сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №3932 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі-Қағидалар) 2-тараудың 15-тармағына сәйкес, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызмет Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау үшін мемлекеттік органдарды толық және анық ақпаратпен қамтамасыз етуге, мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі, қаржыландыру жоспарының орындалу барысы, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысу жағдайы, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуы тиіс.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық міндеттемелерін орындау) 36-бабын бұза отырып, мекеменің дербес шоттарында мемлекеттік кірістер органдарында салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша артық төлемдер мен берешек сомалары бар екені анықталды.

Бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы, сондай-ақ 31.05.2025 жылғы жағдай бойынша әлеуметтік төлемдер бойынша дербес шоттан үзінді көшірмеге сәйкес 01.05.2026 жылға артық төлем жоқтығы анықталды.

7. **Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Талданып отырған кезеңде Бөлім жалпы сомасы 2748504,3 мың теңгеге 89 мемлекеттік сатып алу жүргізді. Оның ішінде келесі тәсілдермен:

1) Баға ұсыныстарын сұрау 849.4 мың теңге сомасына 19 сатып алу;

2) бір көзден 34007,8 мың теңге сомаға 25 сатып алу шартын тікелей жасасу арқылы;

3) ашық конкурс 8094,5 мың теңге сомасына 7 сатып алу;

4) өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден 1637,1мың теңге сомаға 11 сатып алу.

5) Рейтингтік-баллдық жүйені қолданатын конкурс 2344151,8 мың теңге сомаға 4 сатып алу.

6) электронды дүкен 3003,7 мың теңге сомаға 5 сатып алу.

7) тұрғын үй сатып алу 356760,0 мың теңге сомаға 18 сатып алу.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Басшылық және мекеме қызметкерлер тарапынан мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Бөлім өз қызметінде «Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы, өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Бөлім қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«E-enbek» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде бөлімге түскен өтініштер: 2025 жылдың 1 мамырдан бастап **2026 жылдың 1 мамырына** дейін жеке және заңды тұлғалардан – 19.

Талдау барысында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде заңнама талаптарының бұзылуы анықталмады.

Қаратөбе ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың қорытындылары туралы

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Қаратөбе ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінде **2026 жылдың 1 мамыры** бойынша штат саны / нақты штат саны 3/4 адам. Олар: 3 мемлекеттік әкімшілік қызметші, оның 1-і бөлім басшысы, 2 бас маман, 1 бос бас маман лауазымына конкурс өткізілуде. Штаттан тыс 3 техникалық персонал бар, олар: хатшы, статист, автокөлік жүргізуші.

Талдау кезеңіндегі кадр ауысушылығы болған жоқ.

Бөлім қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы №4-3/421 бұйрығымен бекітілген келесі қызметтер көрсетіледі:

1. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру

2. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу

3. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу

4. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен

механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес Қаратөбе ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі құзіретіне рұқсат беру функциясы кірмейді.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес Қаратөбе ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі құзіретіне бақылау - тексеру функциялары кірмейді.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

«Қаратөбе ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-не 2026 жылы 54841,0 мың теңге бөлініп, 4 айлықта 35537,9 мың теңге игерілді, яғни бөлінген қаржының 64,8 пайызы игерілді.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

01.05.2025 – 01.05.2026 ж аралығында мемлекеттік сатып алу порталында жалпы сомасы 36155,6 мың теңге 36 келісімшарт жасалды, оның ішінде:

Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 265,2 мың теңге, 6 келісімшарт;

Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен – 1785,5 мың теңге, 8 келісімшарт;

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 19478,9 мың теңге, 19 келісімшарт;

Ашық конкурс тәсілімен – 14626,0 теңге, 3 келісімшарт.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Аудан әкімі аппаратының қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы;

ЦРМ, ЕПС, «Е-қызмет»

«Е-лицензирование» ақпараттық жүйесі

ИАС ақпараттық талдау жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Азаматтардың өтініш, арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексі негізінде жүргізіледі. Бөлімге 01.05.2025 – 01.05.2026 ж аралығында жеке және заңды тұлғалардан 14 өтініш келіп түсті. Өтініш уақытында қаралып жауап берілді.

Қорытынды: Қаратөбе ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі

талдау жүргізу барысында күрделі мәселелер анықталған жоқ. Бөлімде жұмыстың өту барысы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда.

«Саралжын ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтама

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

«Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің штат саны бойынша 11 қызметші. Есепті кезеңдегі мемлекеттік қызметшілердің нақты саны 5. Техникалық қызметкерлер саны 6-адам.

Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған мемлекеттік қызметкерлердің саны -1.

Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған техникалық қызметкерлер жоқ.

Есепті кезеңде жұмыстан босатылған мемлекеттік қызметкерлердің саны-1.

Жағымсыз себептермен босатылғандар саны – 0.

Таза ауысушылық – 0.

01.05.202-01.05.2026 ж. аралығында тәртіптік жазаға тартылған қызметкерлер жоқ.

Талданып отырған кезеңде мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлерге сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мәселелері ашық жүргізіледі. Талдау кезеңінде қызметкерлер тарапынан шағымдар болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан лауазымдар тізбесіне округ әкімдігі мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты мамандар кіргізілді.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

«Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 4 (қосымша жер телімін беру, жер телімінің нысаналы мақсатын өзгерту, елді мекен жеріне объекті салуға жер телімін беру, жер телімін алуға кезекке қою) мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

«Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бақылау функцияларын іске асырмайды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Есептелген жалақының еңбекақы төлеуді реттейтін заңнамаға сәйкестігі.

Талдау жалақыны есептеу бекітілген штат кестелеріне сәйкес жүзеге асырылатындығын анықтады.

Демалыстарды есептеу кезінде орташа жалақыны есептеу көтеру коэффициентін ескере отырып жүзеге асырылады. Жалақыны есептеу кезінде кемшіліктер анықталған жоқ.

«Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты»мемлекеттік мекемесіне 2025 жылы 85808,0 мың теңге бюджеттен қаржы бөлінді, ол 85743,8 мың теңгеге орындалып, 99,9% құрады.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Талданып отырған кезеңде «Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 2026 жылдың 1 қаңтарынан - 2026 жылғы 1 мамыры аралығында бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жалпы соммасы 15678624,66 теңге 49 келісім шарт жасалды, оның ішінде келесі тәсілдермен:

баға ұсынысы арқылы:38 келісім шарт,

өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден -8 келісім шарт,

тікелей қортынды арқылы10 келісім шарт, ашық конкурс 1 келісім шарт жасалды.

Жеткізушілермен жасалған келісім шарттар бойынша келісім шартты бұзу, міндеттемелерді орындамау жайыттары анықталған жоқ.

Мекеме «1С-бухгалтер» автоматтандырылған бухгалтерлік есеп бағдарламасымен жұмыс жасайды. 2025 ж 470,0 мың теңге, 2026 жыл 470,0 мың теңгеге «1С-бухгалтер» автоматтандырылған бухгалтерлік есеп бағдарламасын ілесу және техникалық қолдауға келісім шартқа жасалды.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Басшылық және мекеме қызметкерлер тарапынан мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Талдау жүргізу барысында «E-Qyzmet» ақпараттық жүйесі қолжетімсіз болып қосылмау жиі болғандықтан, аудан орталығына қатынасып, тиісті ақпараттық жүйеге бұйрық, өкімдер салынады.

ҰСЫНЫМ: «E-Qyzmet» ақпараттық жүйесін пайдалану,сүйемелдеу бойынша оқытулар өкізу.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Есепті кезеңде Саралжын ауылдық округі әкімінің атына өтініштер түскен жоқ. Саралжын ауылдық округі әкімі аппаратында жеке және заңды

тұлғалардың өтініштерін қабылдап, тіркеп, есепке алу және қарау бойынша Заң талаптарының сақталуына тексеру жүргізіп, қадағалап отыру округ әкімі аппаратының бас маманына жүктелген.

Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша

Сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау келесідей бағытта жүргізілді:

1) Аппараттың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Аппараттың ұйымдастырушылық–бақылаушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Аппараттың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілері:

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 29 қаңтардағы №12 қаулысымен бекітілген ауылдық округ әкімінің акпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан камтамасыз ететін мемлекеттік мекеме болып табылады.

«Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, аудан әкімдігінің қаулыларына, аудан әкімінің шешімдері мен өкімдеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

«Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің миссиясы және мақсаттары: ауылдық округ әкімінің қызметін ұйымдастыру, құқықтық, ақпараттық-талдау, консультативтік және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыру болып табылады.

2. Аппараттың ұйымдастырушылық - бақылаушылық қызметі:

1) персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
2) мүдделер қақтығысын реттеу;
3) мемлекеттік қызмет көрсету;
4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
5) бақылау функцияларын іске асыру;
6) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Мыналар:

1. Аппараттың қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер;
2. Аппаратқа қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері;
3. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

4. Аппаратқа келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
5. Прокурорлық қадағалау актілері;
6. Сот актілері;
7. Ұсынылуына Қазақстан Республикасының заңнамасымен жол берілген өзге де мәліметтер сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің ақпарат көздері болып табылады.

1. «Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы

Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратында 01.05.2025ж-01.05.2026ж аралығында штат саны/ нақты штат саны 13/13 адам.

01.05.2025ж-01.05.2026ж аралығында «Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ахметов Биржан Сагиевич зейнеткерлік жасқа шығуына байланысты 2026 жылғы 14 наурыздан бастап, өз өтініші негізінде атқарып жүрген лауазымынан босатылды.

2026 жылдың 29 сәуір күні Қоскөл ауылында орналасқан «Қоскөл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі жанынан өрт сөндіру бекеті ашылды. Бекеттің қызметін ұйымдастыру үшін 6 штат (4 күзетші, 1 статист, 1 аула сыпырушы) ашылды.

Оразакаев Нурхат Амандыкович 3 (үш) ай сынақ мерзімімен, 2026 жылғы 18 мамырынан бастап Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманына, арнайы тексерудің нәтижелерін алған күнге дейін қабылданды.

Талдау жүргізілген уақыт 01.05.2025ж - 01.05.2026ж аралығында мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері тікелей басшымен, оның зайыбымен туыстық қарым қатынаста емес. 01.05.2025ж-01.05.2026ж аралықта Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратында мүдделер қақтығысы болған жоқ.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы №816 Қаулысымен қабылданған Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратында жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 5 түрі ұсынылады.

Мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау нәтижелері бойынша 01.05.2025ж-01.05.2026ж аралықта көрсетілген қызметтер болған жоқ.

01.05.2025ж-01.05.2026ж аралығында округ әкімі жанындағы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы 142 қызмет электрондық форматта көрсетілді.

4.Рұқсат беру фунцияларын іске асыру.

01.05.2025ж-01.05.2026ж аралықта - 16 шешім қабылданды. Мемлекеттік тіркеуден өткен шешімдер жоқ. 01.05.2025ж-01.05.2026ж аралықта – 105 өкім алынды.

5. Бақылау функцияларын іске асыру.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңына басқа да нормативтік – құқықтық актілерге сай бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

6. Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратының ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Аппаратта ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер болған емес.

7. Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратының қызметін қозғайтын нормативтік – құқықтық актілер

Талдау анықтамасы жүргізілген кезеңде аппараттың қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер болған жоқ.

8. Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратының қызметіне қатысты мемлекеттік органдардан тексерулер болған жоқ.

9. Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратының бұқаралық ақпарат құралдарындағы жариялынымдар:

Есепті мерзімінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросымен дайындалған 12 плакаттар жапсырылғын 2 стенді шығарылды, 1 бильборд көрнекі жерге орналастырылды. Сонымен қатар ауыл тұрғындарымен дөңгелек үстел өткізіліп, аудандық «Қаратөбе өңірі» газетіне 1 мақала жарияланды.

10. Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Азаматтардың өтініш, арыз-шағымдарымен жұмыс «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ»Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі негізінде жүргізіледі. Есепті мерзім ішінде тіркелген барлық арыз-шағымдар е-Өтініш бағдарламасы арқылы жүргізіледі және ай сайын, тоқсан сайын сол е-Өтініш бағдарламасы бойынша есебі аудан әкімдігіне беріліп отырады.

Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратына 01.05.2025ж-01.05.2026ж аралығында жеке тұлғалардан 5 өтініш түсті, оның ішінде 2-жазбаша, 3-электронды, 8-округ әкімінің қабылдауы. Заңды тұлғалардан электронды 3-өтініш түсті.

Мағынасы бойынша өтініштерді сараласақ: 2-өтініш жер сұрау мәселелеріне қатысты, 3 жол көлік оқиғасына қатысты. болса, қалғандары әртүрлі мәселелер бойынша болды. Өтініштер мен шағымдарға берілетін жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны бойынша негізделген және дәлелді, өтініш берілген тілде жауап

берілген. Жазбаша түрінде жүгінген тұлғаларға бекітілген нысанда талондары берілді. Аудан әкімі аппаратының сайтында және БАҚ-да сыни жариялынымдар болған жоқ.

11. Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратына келіп түскен прокурорлық қадағалау актілері

Есепті мерзімде 01.05.2025ж-01.05.2026ж аралығында прокурорлық қадағалау актісі болған жоқ.

12. Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратына келіп түскен сот актілері

Есепті мерзім ішінде сот актілері болған жоқ.

13. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Округ әкімі аппаратының қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«Е-акимат» ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

«Elicense» ақпараттық жүйесі;

«E-Qyzmet» ақпараттық жүйесі;

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

14. Қоскөл ауылдық округі әкімі аппаратының бюджеті.

«Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-не 2025 жылы алты бағдарлама бойынша 57 897 мың теңге бөлініп 57 889,4 мың теңге игеріліп 100% ға орындалды.

«Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-мен 2025 жылдың 1.05-31.12 аралығында жалпы соммасы 20 509 мың теңге 32 келісім шарт жасалынды, оның ішінде: Баға ұсынысы арқылы 11 келісім шарт – 993,8 мың теңге, тікелей шарт тұжырымы бір дерек көздерден сатып алу бойынша – 15 келісім шарт 18 362,0 мың теңге, Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілі - 4 келісім шарт – 424,2 мың теңге Электрондық дүкен арқылы 2 келісім шарт 729,0 мың теңге. Ашық конкурс арқылы келісім шарт жасалынбады.

2026 жылдың 1 мамырына соммасы 34 394,6 мың теңгеге 54 келісім шарт жасалды, оның ішінде: Баға ұсынысы арқылы: 27 келісім шарт – 2 773,0 тг. тікелей шарт тұжырымы бір дерек көздерден сатып алу бойынша – 14 келісім шарт 28 651,3 мың теңге, Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілі - 8 келісім шарт – 37 008,5 мың теңге, Электрондық дүкен арқылы 5 келісім шарт 2 970,3 мың теңге.

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылды.

Жалпы ұсыныстар:

Болашақта жұмыс барысында сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарына қарсы саясатты жүзеге асыру мақсатында барлық мемлекеттік органдар арасында түрлі сауалнамалар жүргізіп, жауабы шешілмей келе жатырған мәселелерді қозғайтын отырыстар өткізіп, қызметкерлердің мүлдем төзбеушілік ұстанымын күшейту.

Қаракөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

«Қаракөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы» талдау Қаратөбе ауданы әкімінің 2025 жылғы 23 сәуіріндегі №76 өкіміне сәйкес жүргізілді.

Талданып отырған мекеме туралы мәліметтер:

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Қаракөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме болып табылады. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты ауыл әкімінің қызметін қамтамасыз ету.

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Қаракөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 1 мамырынан 2026 жылдың 1 мамырына дейін 73 өкім, 8 - шешім қабылданған. Әр қайсысы тиісті журналдарына ретімен тігілген.

Аппарат қызметкерлеріне қатысты (тәртіптік жаза қолдану, материалдық көмек көрсету, жұмысқа қабылдау, шығару және т.б.) 4 өкім бар. Өкімдерге негіз болған құжаттар толық тігілген. Аппарат қызметкерлерінің өтініштерін тіркеу журналдары бар. «Е-қызмет» ЫАЖ-не тиісті өкімдер аудан әкімі аппаратына ұсынылып отырған. Мемлекеттік әкімшілік қызметкерлерінің жеке істері толық жасақталған. Ішкі тізімдемелері бар. Дер кезінде толықтырылған. 2023 жылдың IV тоқсанындағы істер бекітілген номенкулатурамен жүргізілген.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Округ әкімі аппаратының қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпаратық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу Біріңғай платформасы;

«E-enbek» ықпалдастырлған ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

«ЕIicense» ақпараттық жүйесі;

«E-Qyzmet»ақпаратық жүйесі;

«Қаракөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де есепті кезеңде барлығы -4 өтініш түсті. Оның ішінде: жеке тұлғадан – 1, заңды тұлғадан – 3 өтініш түскен.

Кадрлардың алмасушылығы

01.05.2025 – 01.05.2026 жылдар аралығында кадр алмасуы болды.

04.08.2025 жылы бас маман – Орынғалиев Мұстафа Досқабылұлы өз өтінішіне сай жұмыстан шықты.

03.11.2025 жылы бас маман – Нагимов Елжас Боранбайұлы тағайындалды.
19.12.2025 жылы бас маман – Зейнуллина Гүлжан зейнет жасқа толуына байланысты жұмыстан босатылды.

2026 жылдың 30 сәуірдегі жағдай бойынша «Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Қаракөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде штаттық кестеге сай 9 адамды құрап отыр. Оның 3-і мемлекеттік әкімшілік қызметші, оның 1- ауыл әкімі, 2- ауыл әкімінің бас маманы.

Мүдделер қақтығысын реттеу

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Қаракөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесін ауыл әкімі басқарады, басшылық етеді. Ауыл әкімі Амантаев Эльдар Ниязбекович 2020 жылдың қаңтар айында сайланып, тағайындалған. Өзінің және зайыбының қарамағындағы қызметкерлерімен туыстық қарым қатынаста тұрмайды.

Тәртіптік жазалар

01.05.2025–01.05.2026 жылғы кезең аралығында аппараттың мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлыққа қатысты тәртіптік жауапкершілікке 1 бас маман тартылды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша: Жеке және заңды тұлғалардан мекеменің жұмысына қатысты жағымсыз шағымдар мен ұсыныс, пікірлер түскен жоқ. Қаракөл ауылдық округі әкімнің аппаратына сот және прокуратура органдарынан наразылықтар мен сот актілері орындауға түскен жоқ.

Ауылдық округі әкімі аппаратына қатысты жүргізген тексеру нәтижелері

01.05.2025–01.05.2026 жылғы кезең аралығында ауылдық округі әкімі аппараты қызметіне қатысты тексеру жұмыстары жүргізілген жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар

Бұқаралық ақпарат құралдарында округ әкімі аппараты қызметкерлерінің заңға қайшы әрекеттері мен теріс іс-қимылдарын әшкерелейтін материалдар жарияланған жоқ;

Прокурорлық қадағалау актілері

Батыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2026 жылғы 13 наурыздағы №4 аудиторлық есебінде көрсетілген бұзушылықтар бойынша Қаракөл ауылдық округінің бас маманы Еңсепов Аян Қуанышқалиұлына 2026 жыл 2 сәуірде «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жазаға берілген.

Қорытынды:

Басқа тұлғаның ЭЦҚ-сын тарату және пайдалану үшін екі тарапқа да — ЭЦҚ-ны берген және оны пайдаланған тұлғаларға — әкімшілік жаза қарастырылғандығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жүргізілген ішкі талдау нәтежесі бойынша Қаракөл ауылдық округі әкімі аппаратында электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалану барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

«Егіндікөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

1.Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

Есепті кезеңде «Егіндікөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде штаттық кестеге сай 10 адамды құрап отыр. Оның 3-уі мемлекеттік қызметкерлер. Оның біреуі ауыл әкімі, 2-уі бас маман. 1-статист маман Техникалық қызметкерлер саны 6 - адам. 1 - бас маман орны бос.

Есепті кезеңде жұмыстан босатылған мемлекеттік қызметкерлер -1. Жағымсыз себептермен босатылғандар саны -0

Таза ауысушылық-0

Кадрлардың ауысымына, орналасуына талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу нәтежесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ. Есепті кезеңде жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеу фактілері, жұмысқа қабылданған қызметкерлердің үлестестігі анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы 15-бабы 1 тармағына сәйкес жергілікті өкілді органдардың тағайындауы немесе сайлану жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар және мемлекеттік қызметке кір келтірген тәртіптік жауапкершілікке тартылған мемлекеттік қызметшілер жоқ.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбек демалысын ұсыну кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

Заңның 54 –бабының 1- тармағының талабына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге екі лауазымдық айлықақысы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленіп, ұзақтығы күнтізбелік отыз күнді құрайтын жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы беріледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу оның басталуына күнтізбелік үш күн қалғаннан кешіктірілмей, ал еңбек демалысы графиктен тыс берілген жағдайда - берілген күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

2.Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілімен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтежесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3.Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес, Егіндікөл ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік қызметтің 4 түрі көрсетіледі. Олар: 1) «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»; 2) «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»; 3) «Сауда саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу»; 4) «Елді мекендер шегінде обектілер салу үшін жер учаскелерін беру».

Есепті кезең ішінде «Егіндікөл ауылдық округі әкімінң аппараты» мемлекеттік мекемесінде есептік мерзім ішінде мемлекеттік қызмет көрсету болған жоқ.

4.Рұқсат беру функциаларын іске асыру

Ережеге сәкес округ әкімі аппаратының құзіретіне рұқсат беру функциялары кірмейді.

5.Бақылау –тексеру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес округ әкімі аппараты бақылау функцияларын іске асырмайды.

6. Бюджет және қаражы қаражатын игеру және бөлу.

«Егіндікөл ауылдық округі әкімінің аппараты» М.М –не 2025 жылы алты бағдарлама бойынша 75 018,0 мың теңге бөлініп толықтай 99,9% ға игерілді. 2026 жылға бес бағдарлама бойынша 46 005 мың тенге қаражат бөлінді. Бірінші жарты жылдықта, Қаратөбе ауданы әкімінің 2026 жылғы 26 ақпандағы № 39 қаулысының негізінде 2025 жылдан қалған 1,338 мың теңге бос қалдықты 009 бағдарламасына орналастырып бюджет кірісі барлығы 47 343 мың теңгені құрап тұр. Оның 2026 жылдың 1.06-ға 49,2% игерілді.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

«Егіндікөл ауылдық округі әкімінің аппараты» М.М –мен 2026 жылы жалпы сомасы 43 295.8мың теңгеге 71 келісім шарт жасалынды, оның ішінде:
Баға ұсынысы арқылы: 16 келісім шарт – 3547,9
Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден -31 келісім шарт 34916,3 мың

2026 жылдың жарты жылдығында соммасы 25 321,8 тенге 42 келісм шарт жасалды, оның ішінде:
Баға ұсынысы арқылы: 12 келісім шарт -3052783,9 тг
Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 12 келісім шарт 2414,4 тг
Бір көзден сатып алу бойынша -13 келісім шарт ҚҚС мен 11004,4.0 тг

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары goszakup.gov. kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылды.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Округ әкімі аппаратының қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпаратық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу

Біріңғай платформасы;
«E-enbek» ықпалдастырлған ақпараттық жүйесі;
«Парус-Каз» ықпаластырылған ақпаратық жүйесі;
«1С-бухгалтерия» жүйесі;
«ElIicense» ақпараттық жүйесі;
«E-Qyzmet»ақпаратық жүйесі;

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталамады.

9. Талдау обьектісінің ұйымдастырушылық-басшылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

2025 жылдың - 05 мамыр 2026 жылғы - 05 маусым аралығында 30 шешім, мемлекеттік қызметерлердің жеке құрамы бойынша 38 өкім, көмекші персоналдың жеке құрамы бойынша 43 өкім, негзгі қызмет бойынша 25 өкім шығарылды. Осы уақыт аралығында шығарылған актілерге наразылық туындағын жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарына өткізілген мониторингі («Қаратөбе өңірі») Қаратөбе ауданының қоғамдық – саяси газеті, Егіндікөл ауылдық округі әкімі аппаратының ресми интернет – ресурсы) мекеменің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты теріс материалдар жарияланған жоқ.

Азаматтардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI «әкімшілік рәсімдік - процестік»кодекісінде көзделген қағидалар негізінде жүргізілуде .

«Егіндікөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 05 мамыр мен 2026 жылдың 05 маусым аралығында - 1 жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түсті, жеке қабылдауда болған жоқ.

Түскен өтініштер уақытында тіркеліп, мерзімдеріне сай өтініш иелеріне жазбаша жауаптары берілді.

Сонымен қатар «Егіндікөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мелекеттік мекемесіне «Сыбайлас жемқорлық» мәселеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан арыз-шағымдар түскен жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жүргізілген ішкі талдау нәтежесі бойынша Егіндікөл ауылдық округі әкімі аппаратында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізген жұмыс тобы:

Жәнібеков Дат Болатбекұлы Аудан әкімі аппаратының басшысы

Әділханов Нұрбол Әділханұлы		Аудан әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және шаруашылық жұмыстары бөлімінің басшысы;
Кенжеғалиева Мейрамгүл Жолдығалиқызы		Аудан әкімі аппаратының персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінің басшысы;
Есендосов Мербол Мағзомұлы		Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы
Губайдуллина Венера Шоқанқызы		Аудан әкімі аппаратының бас инспекторы-заңгері